

бектеу
10.10.23
ca

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы»

Кеңес
«Әдептілік әліппесі»

Дайындаған: психолог Назарова А

17.10.2023 жыл

Балаларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, еңбексүйгіштікке, өз халқаның салт дәстүрін үйрене отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Адам бойында жақсы да жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үлкендер үйретеді. Ол- біздің ата аналарымыз, ақ сүтін бере отырып, ана тілімен үйретеді. Біз оны түсініп, ата баба салт әдеттерін үйренеміз.

Адам болатын бала барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерін ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек. Балаларға үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету, әдептілік адамдық қасиеттің негізгі арқау екенін ұғындыру, түсіндіру. Жаман әдеттен аулақ болуға, ата анаға мейірімді болуға, айналадаға заттарға ұқыпты қарауға баулу керек. Және сонымен қатар адамгершілікке, жолдастыққа, сыйластыққа қарым қатынас жасай білуге үйрету.

Қай халық болмасын бір біріне жылы мейірмен кеңпейілділікті, достықты, өзара жақындықтарын білдіріп, амандық-саулық сұрасып, өзінің аман екенін білдіруі-сәлемдесуінде. Сондықтан үлкендер үнемі балаларға әдептен озбай амандасуды үйретіп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді.

Әдептілік-адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс-тұрысының ережесі.

Осы әдептілік ережесін сақтау керек. Бүгінгі заман адамы сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуі керек.

«Әсемпаз болма әрнеге»

Өнерпаз болсаң арқалан.

Сенде бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай кішіге мейірімді, досына қайырымды, еңбексүйгіш, шыншыл да қамқор болсаң өсе келе ата-ананың, Отанның мақтанышы боласың.

Адам болатын бала барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысуы керек.

Әдептілік-тәрбие белгісі. Жұрт алдында әдептілік сақтау-мәдениетті болудың басты белгісі. Мәдениетті адам ешқашан дөрекі мінез танытпайды, жат қылық жасамайды. Ал біз білгенімізше әдептіліктің 5 белгісін ұсынамыз.

1. Театрда т.б. мәдени орындарда танысыңды кездестіріп қалсаң, көрермендерге кедергі келтірмес үшін басыңды изеп немесе жымып амандасасың-жеткілікті. Сондай-ақ, театр спорттық киімде баратын қоғамдық орын емес екенін ұмытпаған жөн.
 2. Көпшілік арасында келесі әрекеттерді жасамаған жөн: аяқ-киім тазалау, қоқыс тастау, дауыс көтере сөйлеу, кезекке қарамау, бояну мен тарану.
 3. Үлкен адамдардың ортасында ұқыпты киініп жүр. Қолдарыңды тізеңде, не үстел үстінде ұстаған жөн.
 4. Үстел үстінде өзінді дұрыс ұста. Дастарханға қойылған қасық, шанышқыны дұрыс пайдалана біл. Сорпаны қасықпен бір ұрттағанда, ауызға сыятындай мөлшерде алу керек. Көпшілік арасында отырғанда, тамақ ішу тәртібін білгенің жөн.
 5. Қолды қалтаға салып жүруді ешқашан әдетке айналдырма. Бұл-мәдениеттілікке жатпайды.
- Әдеп- бұл адамдардың жүріс- тұрысы мен өзара қарым-қатынастың ережелері. Олай болса әдептілік-әдеміліктің басты белгісі екенін ұмытпаған жөн.

Кеңес «Әдептілік әліппесі»



17.11.2024ж

№ 1 Хаттама

Әдеп кеңесі

Өткізілген күні: 13.10.2023ж

Тақырыбы: Кеңес «Әдептілік әліппесі»

Психолог-А.Назарова

Қатысқан : 18 педагог

Максаты: Мектепке дейінгі мекемеде әдептілік тақырыбында кеңес, сауалнамалар жүргізіп ұжым арасында сыйластық туғызу және балаларды әдептілікке тәрбиелеу.

Психолог Айгүл Назарова «Әдептілік әліппесі» тақырыбында кеңес оқыды. Кеңесті қазақ халқының «Әдепті бала-арлы бала» деген нақыл сөзімен бастады. Әдептілік адам бойында қалыптасқан ұлттық мәдениеттің белгісі. Игі әдеттен әдеп-ғұрып қалыптасып, одан әдеп пайда болады. Қазақ халқы қашанда үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсеткен халық. Әдептілік, тәрбие туралы кеңес оқыды.

Тәрбиеші Г.Косбармакова балалар бойына әдептілікті сіңіру үшін балабақшада қандай шаралар өткізуіміз керек? -деп сұрақ қойды.

Психолог А.Назарова балаларды ол үшін екі жақты тәрбиелеу қажет.

Үнемі жақсы сөздер айтып, ұрыспай мәдениетті түрде жеткізе білу керек.

Бойына жақсы әдетті, жақсы сөзді сіңіріп өскен бала сол жолмен қалыптасып, әдеппен аспай тәрбиеленеді. Өз тәжірибеме сүйенсем үйдегі тәрбиенің өзі балаларға өте қатты әсер етеді; ата-ана бала тәрбиелеуде өз балаларына үлгі болу керек. Кішкентайынан қалай тәрбиелесек сол жолмен бала одан әрі қарай дамиды. Сондықтан бала тәрбиесінде балабақшада, ата-анада үлкен роль атқарады, Әдептілікке үйреткен бала міндетті түрде қоғамда өз орнын табады –деп кеңесін қорытындылады.

Әдеп кеңесінде оқылған психолог Айгүл Назаровааның кеңесі «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:



Сакенова А.Ш.

Хатшысы:



Аманкосова Д.Ж